

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Шомшақты» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

ТАРИХЫ

Мектеп 1998-1999 оқу жылында негізгі мектеп болып ашылды .Асарлату дәстүрімен ауыл қариялары жиналып «Шомшақты » өндірістік кооперативінен құрылысқа қажетті заттар сұрастырып, ауыл тұрғындары терек, ағаш, тақтайлар беріп, жаңа 7 бөлмелі бір қабатты мектеп құрылысын жүргізіп, соңынан спортзал да салынды. Осындай ауқымды жұмысты ұйымдастыруға атсалысқан ауыл ақсақалдары ардагер Мамутов Байзақ, тыл ардагері Бердиева Мырзақүл , Ауезханова Сарқыт, «Шомшақты» өндірістік кооперативі басшысы Сапаров Сайлау, зейнеткер ұстаз Аппазов Иса, ауыл тұрғындары Салхожаев Әлімхан, Оспанов Құдайберген, Салхожаев Шәріпхан , Мұсаев Әбдрасіл құжаттарды рәсімдеп, ал құрылысты жүргізуді жетекшілік еткен Салхожаев Асылхан болды. 2007 жылы Әшимов Молдахметтің демеушілігімен қосымша 4 бөлмелі , бір қабатты корпус құрылысы жүргізілді.

Мектеп 2007 жылдан бастап жалпы орта мектеп болып жұмыс жасап жатыр.

Мектепте алғашқы ұстаздық қызметін жалғастырған Салхожаева Сарқыт, Қаратаева Қалия, Оспанова Майра бастауыш сынып оқушыларына сабақ берді.

МЕКТЕПТІ БАСҚАРҒАН АЗАМАТТАР

1998-2005 жж- Мамутова Ляззат Байзаққызы, Шомшақты негізгі мектебінің директоры

2005-2006 жж –Сабденбеков Есімхан , Шомшақты негізгі мектебінің директоры

2007 жылдан бастап Шомшақты жалпы орта мектебінің директоры Спатаев Кенжебек Өмірбайұлы .

МЕКТЕПТЕН ШЫҚҚАН БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАЛАР

Мектепті бітірген алғашқы түлектердің бірі Төлегенов Ғалымжан Қолдасбекұлы облыстық әкімдіктің құрылыс бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет арқаруда.

АЙТУЛЫ ҰСТАЗДАР

Омарханов Сатбалды - 1995 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 қарашадағы жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен нағратталды.

МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫС БАҒЫТЫ

«Оқу-тәрбие үдерісіндегі оқытудың жаңа үлгілері негізінде білім сапасын арттыру» тақырыбы аясында жұмыс жасай отырып, мектептің әдістемелік бағыттағы жұмысын модернизациялау, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау арқылы оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың жаңа үлгілерін жетілдіре отырып, жаңа форматтағы мұғалім қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай отырып, бүгінгі оқушылардың білім мен ғылымға қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды іске асыруда.



Мектеп директоры Спатаев Кенжебек Өмірбайұлы - мектеп директоры. 2000 жылдан бастап Шомшақты негізгі мектебінің тарих және география пәнінің мұғалімі. 2007 жылдан бастап Шомшақты жалпы орта мектебінің директоры.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары - Омарханов Сатыбалды, 2000 жылдан бастап Шомшақты мектебінде оқу орынбасары қызметін атқарды. 40 жыл өмірін ұстаздық жолын арнаған, математика

пәнінің мұғалімі, «Логикалық есептер» жинағының авторы, ауданның «Құрметті азаматы», «Ардагер ұстаз».

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -Нурмаханбетова Айгүл Рысбековна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2000 жылдан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы - Төлегенов Қалыбек Жолдасұлы- 1998 жылдан бастап осы мектепте физика және еңбек пәні мұғалімі, кәсіподақ ұйымының төрағасы. 2010 жылдан бастап педагог-ұйымдастырушы қызметін атқарып келеді.